**Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 4-2/266 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 шілдеде № 11773 болып тіркелді.

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН :**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Ауыл шаруашылығы министрінің* *С. Омаров*
*міндетін атқарушы*

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
____________________ Ә. Исекешев
2015 жылғы 5 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
________________ Е. Досаев
2015 жылғы 25 маусым

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 4-2/266 бұйрығымен
бекітілген

**Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.05.2020 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Тұқым шаруашылығы туралы заң) 6-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына, " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау тәртібін, сондай-ақ "Бірегей, элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестаттау туралы куәлік - мемлекеттің тұқым шаруашылығы саласындағы аттестатталған субъектілердің қызметін тануын айғақтайтын, өз құзыреті шегінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы берген құжат;

2) бірегей тұқымдар - ауыл шаруашылығы өсімдігі сортының авторы, ол уәкілдік берген адам немесе сорттың оригинаторы өсіріп шығарған және элиталық тұқымдарды өндіруге арналған тұқым;

3) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдар - элиталық тұқымдардың жылдар бойынша кейіннен көбейтілуі: бірінші жыл - бірінші көбейтілген тұқым, екінші жыл - екінші көбейтілген тұқым, үшінші жыл - үшінші көбейтілген тұқым;

4) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) өтініш беруші (бұдан әрі - өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы)) - аттестаттаудан өту және аттестаттау туралы куәлік алу үшін "электрондық үкімет" веб-порталына (бұдан әрі - портал) өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

6) суперэлиталық тұқымдар - тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін және элиталық тұқым өндіруге арналған, көбейту питомнигі түсімінен алынатын бірегей тұқымдарға жататын тұқым;

7) тұқым өндірушілер - Тұқым шаруашылығы туралы заңға сәйкес тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

8) тұқым өсіру шаруашылығы - жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) аттестаттаған, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіру мен өткізуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект;

9) тұқым өткізуші - жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) аттестаттаған, ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының партияларын өткізу және (немесе) тұқымдық несие беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

10) элиталық тұқымдар - бірегей немесе суперэлиталық тұқымнан алынған және Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдары;

11) элиталық тұқым өсіру шаруашылығы - жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) аттестаттаған, элиталық тұқымдарды өндіру мен өткізуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект;

12) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі – оператор) – өзіне бекітіп берілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

13) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның

тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Бірегей тұқым өндірушілерді, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өткізушілерді аттестаттауды жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген қызмет түріне сәйкес аттестаттау туралы куәлік бере отырып жүргізеді.

4. Бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге аттестаттау жүргізу үшін жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) қаулысымен құрамы кемінде бес адамнан (комиссияның төрағасы және төрт мүшесі) тұратын тұрақты жұмыс істейтін аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) құрылады.

Ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) құрылымдық бөлімшесі комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі - жұмыс органы) болып табылады.

5. Аттестаттау туралы куәлік өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға (бұдан әрі - талаптар) сәйкес келген жағдайда, қызметтің мәлімделген түріне сәйкес беріледі.

6. Тұқым шаруашылығын аттестаттау туралы куәлік алған және элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптарға жауап беретін шаруашылық жүргізуші субъект элиталық тұқым өсіру шаруашылығын аттестаттау туралы куәлік алуға үміткер бола алады.

Бірегей тұқым өндірушілерге қойылатын талаптарға жауап беретін элиталық тұқым өсіру шаруашылығы бірегей тұқым өндірушіні аттестаттау туралы куәлік алуға үміткер бола алады.

## 2-тарау. Бірегей тұқым өндірушілерді, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өткізушілерді аттестаттау тәртібі

7. Аттестаттаудан өту және аттестаттау туралы куәлікті алу үшін өтініш беруші ( көрсетілетін қызметті алушы) электрондық түрде портал арқылы ЭЦҚ-ның көмегімен мынадай құжаттарды жолдайды:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау (қайта аттестаттау) жүргізу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бірегей тұқым өндірушілерге қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны;

осы Қағидаларға 7-қосымшаларға сәйкес тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны.

Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері өз бетінше өтініш береді.

Өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) аумағында шаруашылық жүргізуші субъектінің жер учаскесі және материалдық-техникалық базасы орналасқан жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) атына өтініш береді.

"Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдар өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшада көрсетілген.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу ( қайта тіркеу) туралы мәліметтерді жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде өтініштің қабылданғанын растау ретінде өтініш берушінің ( көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрінеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Аттестаттау туралы куәлік немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту өтініш тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

Өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

Өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Жұмыс органы кеңсесінің қызметкері өтінішті ол келіп түскен сәттен бастап 30 ( отыз) минут ішінде тіркеуді жүзеге асырады және жауапты орындаушыны тағайындайтын жұмыс органының басшысына жібереді.

Жұмыс органының жауапты орындаушысы өтініш келіп түскен күні ұсынылған құжаттарды Комиссияның қарауына береді.

Комиссия өтінішті тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған мәліметтердің толықтығын тексереді және жергілікті жерге бара отырып, өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан (өтініш берушінің (көрсетілетін қызметті алушының) өтініште көрсеткен қызмет түріне сәйкес) зерттеп-қарау жүргізеді.

Өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, жұмыс органының жауапты орындаушысы жергілікті атқарушы органның ( көрсетілетін қызметті берушінің) уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту дайындайды және оны портал арқылы өтініш берушінің (көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетіне" жолдайды.

10. Өтініш берушіні (көрсетілетін қызметті алушыны) зерттеп-қарау нәтижелері бойынша комиссия 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестікке зерттеп-қарау актісін (бұдан әрі - зерттеп-қарау актісі) екі данада жасайды. Бір данасы комиссияда қалады, екіншісі өтініш берушіге ( көрсетілетін қызметті алушыға) беріледі.

11. Комиссия тексеру актісінің негізінде 4 (төрт) жұмыс күні ішінде аттестаттау туралы куәлікті беру туралы не аттестаттау туралы куәлікті беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол хаттамамен ресімделеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Аттестаттау туралы куәлікті беруден бас тарту туралы шешім шығарылған кезде жұмыс органының жауапты орындаушысы өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) аттестаттау туралы куәлікті беруден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдалым өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдалым туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдалым хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдалым нәтижелері бойынша комиссия аттестаттау туралы куәлікті беру туралы шешім қабылдайды не аттестаттау туралы куәлікті беруден уәжді бас тартады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Комиссия шешімінің негізінде осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген мерзім ішінде өтініш берушінің (көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетіне" жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы куәлік не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту жолданады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, жұмыс органы техникалық істен шығу пайда болған сәттен бастап дереу бұл туралы операторды хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор техникалық проблема туралы еркін нысанда хаттама жасайды және оған жұмыс органы қол қояды.

Жұмыс органы Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жергілікті атқарушы органдарға (көрсетілетін қызметті берушіге), операторға және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.07.2023 № 258 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) аттестаттау жүргізу үшін ұсынған құжаттарын және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) өтініш берушінің (көрсетілетін қызметті алушының) және (немесе) аттестаттау жүргізу үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) қатысты оның аттестаттау жүргізу қызметіне тыйым салынғаны туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің ( үкімінің) болуы.

15. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) аттестаттау туралы куәлікті бергеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталған тұқым өндірушілер мен өткізушілер туралы ақпарат ұсынады.

16. Аттестаттау туралы куәліктің қолданысы мынадай жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) өтініш берушінің (көрсетілетін қызметті алушының) аттестаттау туралы куәлікте көзделген қызмет түрінен бас тартуы;

2) жеке тұлғаның қайтыс болуы. Жұмыс органы мүдделі адам ұсынған қайтыс болғаны туралы куәліктің негізінде аттестаттау туралы куәліктің қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады;

3) заңды тұлғаның жойылуы.

Өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) жергілікті атқарушы органға ( көрсетілетін қызметті берушіге) аттестаттау туралы куәліктің қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы жазбаша хабарлама ұсынады.

## 3-тарау. Аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу және бірегей тұқым өндірушілерді, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өткізушілерді қайта аттестаттауды жүргізу тәртібі

17. Атауы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі не ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары мен дақылдарының сорттарын ауыстыру және толықтыру кезінде бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуші аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туындаған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) портал арқылы электрондық түрде мынадай құжаттарды ЭЦҚ-ның көмегімен жібереді:

1) өтініш берушінің (көрсетілетін қызметті алушының) ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында, осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш;

2) мемлекеттік ақпараттық жүйелерде ақпараты қамтылған құжаттарды қоспағанда, аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) аттестаттау туралы куәліктің электрондық көшірмесі.

18. Комиссия осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу не қайта ресімдеуден бас тарту туралы

шешім қабылдайды, ол хаттамамен ресімделеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбау аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Комиссия шешімінің негізінде 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің ( көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетіне" жергілікті атқарушы органның ( көрсетілетін қызметті берушінің) уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта ресімделген аттестаттау туралы куәлік не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту жолданады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Қайта ресімделген аттестаттау туралы куәлікке жаңа тіркеу нөмірі беріледі.

Қайта ресімделген аттестаттау туралы куәліктің қолданыс мерзімі бұрын берілген аттестаттау туралы куәліктің қолданыс мерзіміне тең күйінде қалады.

21. Аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеуге арналған өтінішті қараудың жалпы мерзімі өтініш тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Тұқым шаруашылығы субъектілерін қайта аттестаттау осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес аттестаттаудың туралы куәліктің қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін:

бірегей тұқым өндірушілер үшін - бес жылда бір рет;

элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары үшін - үш жылда бір рет;

тұқым өсіру шаруашылықтары үшін - үш жылда бір рет;

тұқым өткізушілер үшін - екі жылда бір рет өткізіледі.

23. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта аттестаттауға арналған өтінішті бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуші аттестаттау туралы куәліктің қолданыс мерзімінің аяқталуына күнтізбелік 30 (отыз) күн қалғанда береді.

23-1. Қайта аттестаттау нәтижесінде берілген аттестаттау туралы куәліктің қолданылу мерзімі бұрын берілген аттестаттау туралы куәліктің қолданылу мерзімі өткен күннен басталады.

Ескерту. Қағида 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**4-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың (көрсетілетін қызметті берушілердің) және ( немесе) олардың лауазымды адамдарының, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

24. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің), комиссияның мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға жібереді. Шағымды жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға жібермейді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Өтініш берушінің (көрсетілетін қызметті алушының) шағымын Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Шағымды Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің), мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бірегей және элиталық
тұқымдар, бірінші, екінші және
үшінші көбейтілген тұқым
өндірушілерді, тұқым
өткізушілерді аттестаттау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

№ _____

**аттестаттау туралы куәлік**

(кімге)______________________________________________________________________
_________

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар
______________________________________________________________________________
_________

болса), тегі)
______________________________________________________________________________
_________

(облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы
органының толық атауы)

аттестаттау комиссиясының 20__ жылғы "___" _____________ № ________ хаттамасы негізінде
______________________________________________________________________________
_________

(ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы, сорттардың атауы көрсетіледі)
______________________________________________________________________________
_________

бірегей тұқымдарын, элиталық тұқымдарын, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген

тұқымдарын өндіру және өткізу (тұқым өткізушілер үшін - тек өткізу) қызметін жүзеге асыруға берілді.

Басшы ___________________________________________ ____________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Берілген күні: 20__ жылғы "___" _______________.

20__ жылғы "___" ___________________ дейін жарамды.

Бірегей және элиталық
тұқымдар, бірінші, екінші
және үшінші көбейтілген
тұқым өндірушілерді, тұқым
өткізушілерді аттестаттау
қағидаларына
2-қосымша

**Бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптар**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.07.2023 № 258 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бірегей тұқым өндірушілерге қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

1) бірегей тұқым өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы;

2) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы;

3) жалпы егіс алаңының кемінде 25 пайызын құрайтын тұқым шаруашылығы егістерінің болуы;

4) өндірілген бірегей тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен бірегей тұқым өндіру (бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы;

6) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқым өндірушінің

аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер бірегей тұқым өндірушінің аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс;

7) кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар кемінде дақыл жөніндегі бір маман-селекционердің болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарында тәжірибесі бар жеке немесе заңды тұлғамен бірегей тұқым өндіру бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыруға жасалған шарттың болуы;

8) кемінде бір агрономның және әр дақыл бойынша маманның, сондай-ақ дақыл мен сұрыптың тұқым шаруашылығы бойынша жұмысының айрықша әдістерін меңгерген кемінде үш техникалық персонал адамының болуы;

9) бірегей тұқым өндірудің дақыл мен сұрыптың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін схемаларға қатаң сәйкестікте қамтамасыз етілуі;

10) кейіннен элиталық тұқым өндіруді қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланатын мөлшерін өндіруге қажетті түр-түрде және көлемде сұрыптың бастапқы тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімнің көшетін өндірушілер үшін аналық екпе ағаштардың) болуы;

11) бастапқы буындарды отырғызу үшін 100 пайыз, суперэлита үшін 50 пайыз қажеттілікте тұқымдарды сақтандыру қорларының болуы;

12) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымдарын өндіру жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының болуы;

13) тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;

14) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, жарамсыз деп тану, сұрыптық, түрлік және фитопатологиялық отау (тазалау), егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, бірегей тұқымдарды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған

тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс), тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарға арналған аттестаттар) жүргізу;

15) сұрыпты шығару әдісін, ата-аналық нысандар, сұрып белгілерінің ерекше сипаттамалары туралы мәліметтерді көрсететін сұрып жөніндегі құжаттаманы жүргізу;

16) тұқым шаруашылығы жөніндегі есепке алу материалдарының кемінде бес жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету.

2. Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

1) элиталық тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы;

2) нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы;

3) жалпы егіс алаңының кемінде 20 пайызын құрайтын тұқым шаруашылығы егістерінің болуы;

4) соңғы үш жылдағы түсімділіктің орташа облыстық көрсеткіштен жоғары болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап картоп пен күнбағыс өндірушілеріне қолданылмайды;

5) өндірілген элиталық тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен тұқым шаруашылығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) жалпы өндіріс көлеміндегі қызметтің негізгі түрінің (элиталық тұқым шаруашылығы) үлес салмағын кемінде 25 пайыз қамтамасыз ету;

7) тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 5-тен көп болмауы;

8) аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сұрыптардың саны 5-тен көп болмауы (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп болмауы;

9) суперэлитаны егуге қажеттіліктің 50 пайызы мөлшерінде тұқымның сақтандыру қорларының болуы;

10) дақылдар мен сұрыптар бойынша сұрып жаңарту жоспарының болуы;

11) "Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің перспективалы сорттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 30 шілдедегі № 434 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5759 болып тіркелген) (бұдан әрі

– № 434 бұйрық) енгізілген сұрыптардың тұқымдарын өсіру жөніндегі схемалардың болуы;

12) тұқым материалын өсіру жөніндегі жұмыстардың барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштері көрсетілетін құжаттаманы есепке алу мен жүргізуді ұйымдастыру;

13) элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бастапқы тұқымдық материалының ( бірегей тұқымдардың) болуы;

14) аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап бірегей тұқым өндірушімен кемінде үш жыл мерзімге және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзімге жасалған, элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бірегей тұқымдарын жеткізу туралы (бірінші ұрпақ будандарын өндірушілер үшін будандардың шыққан тегінің нысандарын, өздігінен тозаңданған топтар және будандардың жеке түрлерін жеткізу туралы) шарттың болу.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап элиталық тұқымдарды ( бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын) өндіруші бірегей тұқымдарды ( будандардың шыққан тегінің нысандары, өздігінен тозаңданған топтар және будандардың жеке түрлері) өндіруге аттестатталған сұрыптарға қолданылмайды;

15) ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарында тәжірибесі бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалған элиталық тұқым өндіруді ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап ғылыми қызметті жүзеге асыратын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды;

16) тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы;

17) тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;

18) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарға арналған аттестаттар, тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу

журналын (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс) жүргізу;

19) тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде үш жыл бойы сақталуын ұйымдастыру;

20) жоспарланған жұмыстар көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) бар, штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы;

21) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс;

22) элиталық тұқым өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы.

3. Тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

1) өндірілген тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен тұқым шаруашылығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы;

3) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес енгізілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы;

4) жалпы егіс алаңының кемінде 15 пайызын құрайтын тұқым шаруашылығы егістерінің болуы;

5) тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 4-тен көп болмауы;

6) аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сұрыптардың саны 5-тен көп болмауы (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп болмауы;

7) аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап элиталық тұқым өсіру шаруашылығымен кемінде үш жыл мерзіміне және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзіміне жасалған, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың элиталық тұқымдарын жеткізу туралы шарттың болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқым өндірушісі элиталық тұқым өндіруге аттестатталған сорттарға қолданылмайды;

8) ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарында тәжірибесі бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіруді ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап ғылыми қызметті жүзеге асыратын тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды;

9) нақты агроэкологиялық аймақ үшін ұсынылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өңдеп-өсіру агротехнологиясын сақтау;

10) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған тұқым өсіру шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер тұқым өсіру шаруашылығының аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс;

11) тиісті білімі (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) бар кемінде бір агрономның болуы;

12) дақылдар мен сұрыптар бойынша сұрып жаңарту жоспарының болуы;

13) № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бірінші, екінші және үшінші репродукцияларының тұқымдарын өсіру схемаларының болуы;

14) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның жоспарланатын мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бастапқы тұқым материалының болуы;

15) тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың жоспарланатын көлемін өндіру жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы;

16) тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек, жаңғақжемісті дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;

17) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін

есепке алуды (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарға арналған аттестаттар, тұқымдарға арналған куәліктер, тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі, оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс) жүргізу;

18) тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде бір жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету.

4. Тұқым өткізушілерге қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

1) жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) бар, штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы;

2) кейіннен өткізу үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын жеткізу туралы тұқым өндірушілермен (тұқымды шетелдік жеткізушілерден сатып алған ( импорт бойынша) жағдайда) жыл сайын жасалатын шарттың болуы;

3) тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;

4) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өңдеу, сақтау және өткізу жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған техниканың болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап тұқымдарды ыдысқа салынған (буып-түйілген) күйде өткізетін тұқым шаруашылығы субъектілеріне қолданылмайды;

5) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының әр партиясы бойынша өткізілетін тұқымның саны мен сапасы, шыққан тегін есепке алу, тұқымның құжатталуы жөніндегі тұқымды есепке алу журналын жүргізу, ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының қолы қойылуы тиіс;

6) тұқымдарды сақтау және өткізу жөніндегі материалдардың кемінде екі жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының өсімдіктердің қорғалатын сұрыптарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының тұқымдарын өткізу кезінде "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес патент иесі (лицензиар) тұқым өткізушіге ( лицензиатқа) селекциялық жетістікті уақытша пайдалану құқығын беретін лицензиялық шарттың болуы;

8) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған карантиндік объектілердің болмауы.

5. Осы Талаптардың 1-тармағының 2), 3) және 11) тармақшаларында, 2-тармағының 1), 3), 4), 6) және 9) тармақшаларында және 3-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген талаптар жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды.

6. Осы Талаптардың 1-тармағының 4) тармақшасында, 2-тармағының 5) және 11) тармақшаларында және 3-тармағының 1) және 13) тармақшаларында көрсетілген талаптар жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды.

7. Осы Талаптардың 2-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген талаптар жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімнің көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір мезгілде бірегей тұқым өндірушілер болып табылатын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды.

Бірегей және элиталық
тұқымдар, бірінші, екінші және
үшінші көбейтілген тұқым
өндірушілерді, тұқым
өткізушілерді аттестаттау
қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.11.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

(кімге)_____________________________________________________________

(облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)
жергілікті атқарушы органының атауы көрсетіледі)

(кімнен)___________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса),
тегі көрсетіледі (мәліметтер ақпараттық жүйеден тартылады))

**Аттестаттау (қайта аттестаттау) жүргізу туралы өтініш**

_______________________________________________________________

(ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы, сұрыптардың атауы көрсетіледі)

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

бірегей тұқымдарын, элиталық тұқымдарын, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген

тұқымдарын өндіру және өткізу (тұқым өткізушілер үшін тек өткізу) қызметін жүзеге

асыруға аттестаттау (қайта аттестаттау) жүргізуді және аттестаттау туралы куәлік

беруді сұраймын.

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Жеке тұлға үшін:

жеке куәлігі ________________________________________________________________

(нөмірі, кім және қашан бергені көрсетіледі)

